

**«Әдебиеттік оқу»
сабағына қош
келдіңіздер!**



Психологиялық ахуал туғызу



**Сыныптас біз ұл-қыздар
Тату-тәтті ойнаймыз.
Сыйластықпен өмір сүріп,
Тек жақсылық ойлаймыз.
Амансың ба, алтын күн!
Амансың ба, көк аспан!
Амансың ба, достарым!
Амансыз ба, қонақтар!
Амансыз ба, ұстазым!
Сіздерді көріп қуанам!**

Топқа бөліну



- 1-топ «Күн»
- 2-топ «Ай»
- 3-топ «От»
- 4-топ «Су»
- 5-топ «Ауа»

Үй тапсырмасы

О.Бөкей. «Апамның астауы»

- 1. Автордың балалық шағы туралы не айтасыңдар?
- 2. Автор неліктен «Апам менің ғана емес, бүкіл ауыл балаларының апасы сияқты еді» деп жазды?
- 3. Мәтінде апасының келбеті мен мінезі туралы не айтады? Бұл әдебиетте не деп аталады? Анықтамасын беріңдер.
- 4. Қазақтың ұлттық ыдыстарын тауып, атаңдар. Оны не үшін пайдаланатынын айтып беріңдер.
- 5. «Ана» тақырыбына эссе жазу.

Ғ. Қайырбеков

Ана тілі



Мақсаты:



- Өлеңді мәнерлеп оқуға, мазмұнын жүйелі түсінуге ықпал жасау.
- Оқушылардың ой белсенділігін арттыру, сөздік қорын дамыту.
- Қазақ тілінің қасиетін, құдіреттілігін өлең бойынша ашу арқылы оқушыларды таза сөйлеуге, тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Авторын тап



Ғафу Қайырбеков – көрнекті ақын әрі
жазушы. Ақынның 40-тан астам кітабы
жарық көрген.



Ойқозғау



Ана тілі

Оқулықпен жұмыс



□ Өлеңді оқу



Мағынаны тану



- Қазақ тілінің ерекше байлығы, ұлылығы туралы ақын қалай шабыттана жырлайды?
- Адам қаншалықты көп біліп, биіктен көрінсе де, ана тілін ұмытпау керектігі жөнінде өлеңнің қай шумағында айтылған?
- Қазақстан өлкесінің бай өлке екендігі жөнінде ақын не дейді?
- Қазақстан байлығының ажарын кіргізетін не? Ол туралы өлеңнің қай жолында айтылған?
- Өлеңнің соңғы жолдары бойынша қандай қорытынды шығаруға болады?

Поэзия минуты



Сергіу сәтті



<https://www.youtube.com/watch?v=TX-flslLP9k>



Менің тілім



Менің ана тілім – шексіз бай,
шұрайлы, тегеуріні мықты тіл.
Өйткені өмірдің алмастай
қырын, абзал сырын түсіне
білуіме басты себепкер - сол ана
тілім! Мынау жарық дүниеге
келгеннен бастап, ананың
әлдиімен бойыма сіңіріп келе
жатқан тілім мен үшін ең
қастерлі, ең қымбат тіл.



- Әлемде 2500-ден астам тіл бар. Олардың нақты санын дәл айту мүмкін емес. Әр жыл сайын, әр ай сайын, тіпті, күн сайын бір тіл жойылып отырады. Қазіргі таңда көптеген тілдердің жойылып кету қауіпі бар. Адамдар өз ана тілінің жойылып кетпеуі үшін барын беруге даяр. Өкініштісі, биология заңдылығына ұқсас ірі тілдер ұсақ тілдерді өзіне кіріктіріп, жеке дара құндылықтары мен ерекшеліктерін жойып жіберуде.
- Қазақ тілі сөйлейтін адамдарының саны жағынан әлемдік тілдер арасында 70-ші, тіл байлығынан үшінші орында. Сену қиын десек те деректер осылай. Ең бай тіл саналатын араб тілінде 12 миллион 300 мың сөз болса, бұл көрсеткіш ағылшын тілінде 750 мың, қазақ тілінде 600 мың, ал орыс тілінде 150 мың екен. Демек, қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің төрінен орын алады



Қазақ тілі түрлі тілдердің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады. Қазақтар шешен, әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері.

Анамыздың ақ сүтімен дарыған тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Рефлексия



- Сабақ қалай өтті: қызық болды ма?
- Бүгін бір нәрсеге үйрендіңіз бе?
- Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?

Үйге тапсырма



189-беттегі «Ана тілі» өлеңін
мәнерлеп оқу.

«Ана тілі – тірлігімнің айғағы»
тақырыбында шағын әңгіме жазу.



**Назарларыңызға
рақмет!!!**